Сарқан

Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • e-mail: Igiman01@mail.ru • № 15 (9213) 7 сәуір 2017 ж.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЕГІ ЗАМАНАУИ МАМАНДЫҚ

XXI ғасырдағы күрделі де қарқынды жаһандық дамуға еліміздің белсенді түрде араласуы үшін әлемдік жоғары талаптарға сәйкес келетін, ұтқыр да ұтымды ойлау қабілетіне ие мамандардың қажеттілігі бүгінгі күні арта түсуде. Соған орай еліміздегі білім беру жүйесін жетілдіруді, сапалы, білікті мамандар даярлауды, оқу-әдістемелік жүйенің озық тәжірибелерін насихаттау арқылы заманауи технологиялық үрдістерді енгізуді, қолдануды және де әлемнің дамыған жетекші елдерімен тәжірибе алмасуды жүзеге асыруды қолға алған алғашқы білім ордасының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Бүгінгі күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ТМД университеттері арасында екінші орында тұр. Халықаралық QS рейтингісіндегі 800 университеттің ішіндегі үздік 250 университет қатарына еніп 236-орынды иеленуінің өзін мақтанышпен айта аламыз. Әрине университет бұл жетістіктерге заман ырғағына сай жетілудің арқасында қол жеткізіп отыр. Университеттің заман ағымына орай дамуына әр студенттің, әр оқытушының, әр профессордың өзіндік үлесі ерекше деп атап өтуге болады.

Сол ретте да халықаралық қатынастар саласындағы мамандықтардың маңыздылығы мен мәнін түсіне білген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы қазақтың біртуар ұлы профессор Ж.О.Ибрашевтің бастамасына қолдау көрсетіп, 1992 жылдың көктемінде-ақ халықаралық қатынастар саласындағы мамандықты ашқан болатын.

Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі Т.Ы. Сүлейменов, сол кездегі министр орынбасары, белгілі дипломат, саясаткер Қ-Ж. Тоқаев та халықаралық қатынастар саласындағы жас мамандарды дайындауда аса зор белсенділік танытқан еді. Тіпті Қ-Ж. Тоқаев бастаған бір топ дипломаттар негізгі қызметтерін атқара жүріп, университеттің алғашқы түлектеріне дипломатиялық және консулдық қызметке қатысты пәндерден дәріс оқып, мамандықты жетілдіруге зор үлес қосты. Бүгінгі күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Халықаралық қатынастар факультетінде халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, аймақтану, әлемдік экономика саласының мамандары дайындалуда. Халықаралық қатынастар саласының білікті мамандарын дайындау үшін факультет шеңберінде халықаралық қатынастар тарихы, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, дипломатия тарихы, дипломатиялық құжаттарды ресімдеу, дипломатиялық келіссөздер жүргізу әдіс-тәсілдері, дипломатиялық протокол мен этикет, көпжақты дипломатия сияқты дәрістер оқылады. Сонымен бірге дипломатия саласының болашақ маманы кемінде екі шет тілін меңгеріп шығуына бар мүмкіншіліктер жасалынған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемнің ең ірі 418 халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орната отырып, заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Сол ретте жоғары білікті мамандарды дайындау үдерісі әлемдік білім кеңістігіндегі интеграциялануымен қабаттаса жүргізілуде. Ол академиялық ұтқырлық үрдісінің, білікті мамандармен алмасудың тиімді жүзеге асуы арқылы, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған инновациялық әділ-тәсілдердің кең етек алуымен арта түсуде.

Жалпы бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алуан түрлі мамандықтарды даярлайтын білім және ғылым ордасы болып табылады. Университет құрамында 14 факультетет, атап айтқанда биология және биотехнология, география және табиғатты пайдалану, журналистика, халықаралық қатынастар, тарих, археология және этнология, шығыстану, механика-математика, физика, экономика және бизнес Жоғары мектебі, заң, философия және саясаттану, филология, әдебиеттану және әлем тілдері, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттері жұмыс жасайды.

ҚазҰУ-де көпсалалы білім беру жүйесі қалыптасқан: жоғары базалық білім (бакалавр дәрежесі), жоғары кәсіби білім (магистр), аспирантура және докторантура. ҚазҰУ мемлекеттік білім беру гранттары және келісім бойынша студенттерді қабылдайды.

Біздің түлектер еліміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени саласында өз білімдерін кеңінен пайдалануда. Олар халықаралық қатынастар саласымен ғана шектеліп қалмай, өз білімдерін жетілдіру барысында ел өмірінің барлық саласында қызмет етуде.

А.ӘЛІПБАЕВ, Б.БӨЖЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультетінің доценттері.

Семинар-кенес

Күн тәртібі

Бүкіл әлемнің саяси, рухани жағдайына тремизм мен терроризм х бірінде айналып отырғаны

Жуырда бүгінгі күннің өзек архивтер және құжаттама б гуманитарлық колледжінің м аудандарының мәдениет қыз «Терроризмнің алдын алу жо ралы» жан-жақты түсіндірмо өл.Н.Әл-Фараби атындағы Қазақ облыстық халық шығармашыл ларды ұйымдастыру бөлімінің рын ортаға салды.

Қоғам тыныштығы үшін діни

барша қазақстандықтарды мүшелері. Бірінші

Сарқан

Құрылтайшысы: Сарқан ауданының әкімдігі

Директор - бас редактор ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16-қарашада тіркеліп, №15703-Г куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Төуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: Igiman01@mail.ru

Таралымы: 3897
Газет индексі: 35202
15202

Офсеттік басылым 1 баспа табақ

Газет алтасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында (Төуелсіздік, 108) басылады.